У 2006
692 к

Кенжебай Бекпаев



АБАЙДЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНЕ ЖАЗЫЛҒАН

# ӘНДЕР

*Кенжебай Бекпаев*

*Абайдың өлеңдеріне жазылған*

# ӘНДЕР

Демеуші — «Үш Арыс»
акционерлік қоғамы
Президенті — **Амангелді Құдырбеков**

**Ақмола қаласы,
«Жаңа арқа» баспаханасы, 1996 жыл**

Жинаққа ақмолалық [redacted] композитор Кенжебай Бекпаевтың ұлы ойшыл ақын Абай Құнанбаевтың өлеңдеріне жазған таңдаулы әндері енген. Бұл әндер 1994-1995-ші жылдары жазылған.

Шығармалардың әуендері айқын нышандағы автордың өзіндік дербестігімен ерекшеленеді, фактуралық және форма құрылысы жағынан олар Абайдың белгілі лирикалық әндеріне жақын. Оларда ақынның ой-толғамдары жақсы көрініс тапқан.

Әндер Абай поэзиясының философиялық танымпаздығы мен сөз саптау бейнелігін жарасымды жеткізумен қатар қазіргі музыка тіліне де толық қаныққан.

Шағын жинаққа енген бұл әндер көпшілік көңілінен шығады деген сенімдеміз.

*Г. Хүсайынова, педагогика ғылымының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы АПУ аспаптық музыка кафедрасының аға оқытушысы*

# ЖҮРЕГІҢНІҢ ТҮБІНЕ ТЕРЕҢ БОЙЛА




f
2
2
лы
соқ-пақ-сыз
жер - де өс - тім,
dim.
1. mf
мың мен жал-ғыз
а-лыс-тым, кі-
нә қой- ма !
dim.
mf
2. қайталау үшін
- ма!
f
p


Соңы
ұйқ-тат,бақ,сө- зі - ме.

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла!
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Жасымда албырт өстім ойдан жырақ.
Айлаға, ашуға да  жақтым шырақ.
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты көп көрдім елден бірақ.

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме.
Сандалмамен күн кешкен, түспе ізіме,
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме.

# ҚАЛҚАМ-АЙ, МЕН ҮНДЕМЕЙ ЖҮРЕМІН КӨП

Асыкпай




ма от-сыз,ой- сыз,
су - ық жан
деп.
Жү - рек-те-гі жа-лын ды көз-
ден жас қып ,
а -ғыз- ға-ным




Соңғы шумақтың 3-4 жолы қайталанады ( ⊕ белгіден соң).

Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп,
Ойлама отсыз, ойсыз, суық жан деп,
Жүректегі жалынды көзден жас қып,
Ағызғаным болады ол неге сеп?

Ішімде қайғым қалың, көз жасым кем,
Адам жоқ, кімді дос деп мұң шағушы ем?!
Әйел адам гүлмен тең, дымды сүймек,
Көзінен жасы шықса, бойына ем.

Көңіліңе дайын тұр ғой жайым менің,
Дұшпандығың қатайған шығар сенің.
Егер менің ішімді жарып көрсең,
Жылауыңды ұмытып, шошыр едің!

# ЖҮРЕГІМ, НЕНІ СЕЗЕСІҢ

Асықпай




па ? Дұ-ние- ні кө- ңі - лім
ке - зе - сің, ты-я- нақ жоқ -
па, ты- я- нақ жоқ - па,


1.2.
3.
қой ток- та !
-да ! ...
ө - мір қай - да,
ө - мір қай -




Жүрегім, нені сезесің,
Сенен басқа жан жоқ па?
Дүниені көңілім кезесің,
Тиянақ жоқ па, қой тоқта?

Сезгеніңді сездіріп,
Жете алмадың ортаққа
Тірі жаннан бездіріп,
Апарасың қай жаққа?

Күйесің, жүрек, күйесің,
Күйгеніңнен не пайда?
Дүниеде нені сүйесің,
Өмір қайда, дос қайда?

# ЖАПЫРАҒЫ ҚУАРҒАН ЕСКІ ҮМІТПЕН...




Жы- быр қа-ғып, кө-ңіл-ді тын- шыт-пай-ды,
қа-шаң - ғы, қа-шаң - ғы
ө -тіп кет-кен бұл - дыр көп күн.


1.2.
бұл - дыр көп күн
3.
кел шы-ра-ғым.

Жапырағы қуарған ескі үмітпен,
Қиял ғып, өмір сүріп, бос жүріппін.
Жыбыр қағып, көңілді тыншытпайды,
Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн.

Ой, дәурен, өмір емес, бір көрген түс,
Ойға тойма, қызықты қиялдан күс.*
Қарашы, өз бойыңда түгел ме екен,
Ыстық жүрек, өң, шырай, қуат пен күш?

Төңкеріліп құбылған жұрт бір сағым,
Шынға шыдап, қоса алмас ынтымағын.
Көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің,
Өзіңді өзің күзет кел шырағым!

---

* Күс — бұл жерде қайт, күлер үз деген мағынада.

000001581817

Музыкалық редакторы және өңдеушісі —
С.Сейфуллин атындағы АПУ қазақ
музыкасы кафедрасының доценті — **Владимир Шевченко**.
Суретшісі — **Дәулет Доспаев.**